

**Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы қызметін қалыптастыру және жүзеге асыру ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2006 жылғы 28 маусымдағы N 227 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 14 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 4297. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қажы министрінің 2009 жылғы 19 наурыздағы N 115 Қаулысымен.

*Күші жойылды - ҚР Қажы министрінің 2009 жылғы 19 наурыздағы N 115 Қаулысымен.*

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 8 ) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы қызметін қалыптастыру және жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Мемлекеттік активтерді басқару әдіснамасы департаменті (М.Т.Мамашев) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз е т с і н .

3. Осы бұйрық 2006 жылғы 24 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің міндетін атқарушы*

Қ а з а қ с т а н                    Р е с п у б л и к а с ы  
Қ а р ж ы                    м и н и с т р і н і ң  
м і н д е т і н                    а т қ а р у ш ы н ы ң  
2 0 0 6                    ж ы л ғ ы                    2 8                    м а у с ы м д а ғ ы  
N 227 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы қызметін қалыптастыру және жүзеге асыру ережесі**

Осы Ереже "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы қызметінің жалпы қағидаттарын және оларды қалыптастыру тәртібін белгілейді.

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясын Құрылтайшылар болып табылатын аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдар (бұдан әрі - кәсіби ұйымдар) құрады.

2. Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы (бұдан әрі - "Комиссия") Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға ниет білдірген аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау мақсатында құрылады.

3. Комиссия ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады.

4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін , "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын , осы Ережені және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық құқықтық актілерін басшылыққа алады.

5. Комиссия қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **2. Комиссия қызметін қалыптастыру және жүзеге асыру тәртібі**

6. Комиссияның құрамы кәсіби ұйымдардың өкілдерін тең жіберу арқылы олардың алқалы басқару органдарының шешімімен оларды кері шақырып алу құқығымен құрылады.

7. Комиссияның төрағасы болып кәсіби ұйымдардың алқалы басқару органдарының ұсынуы бойынша Комиссия мүшелерінің арасынан аудиторлық қызметпен айналысатын аудитор 4 (төрт) жыл мерзімге кезекпен сайланады.

8. Комиссия отырыстары жыл сайын бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ аудитордың іс-әрекеттеріне түскен шағым бойынша шешім қабылдау қажеттілігі бойынша өткізіледі.

Комиссия отырысы Комиссия мүшелері жалпы санының кемінде 51% болған кезде заңды деп есептеледі. Комиссия шешімдері Комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.

9. Комиссияның кезектен тыс отырыстары Комиссия төрағасының немесе Комиссия мүшелерінің кемінде үшеуінің талап етуі бойынша өткізіледі.

Шешімдерді қабылдау, оған Комиссия мүшелері мен төраға қол қойған хаттамамен ресімделеді.

10. Комиссия мүшесінің отырыстарға (кемінде 3 (үш) кезекті) жүйелі түрде қатыспаған жағдайда, Комиссия төрағасы кейіннен кәсіби ұйымға өкілді ауыстыру қажеттілігі туралы хабарлай отырып, алқалы басқару органына Комиссияның құрамынан олардың өкілін шығару туралы ұсынымды енгізеді.

11. Кәсіби ұйымды аккредиттеуден айырған жағдайда оның Комиссиядағы өкілдері тиісті шешімді шығарған сәттен бастап өз қызметін тоқтатады.

12. Комиссия мүшесі кәсіби ұйымның құрамынан шығарылған кезде кәсіби ұйымның алқалы басқару органы Комиссияға өкілді ауыстыру туралы ұсыныс енгізеді.

### **3. Комиссияның жұмысына қадағалаушылардың қатысуы**

13. Уәкілетті органның және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері уәкілетті органмен келісім бойынша байқаушылар ретінде Комиссияның құрамына кіре алады.

14. Уәкілетті орган Комиссияның жұмысына қадағалаушылар ретінде қатысатын уәкілетті органның және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері туралы жазбаша түрде Комиссияға хабарлайды.

15. Қадағалаушылардың мәртебесі:

оларды бағалағаннан кейін аудиторлыққа кандидаттардың емтихан жұмыстарымен танысуға қатысуға;

Комиссияның қарауына қабылдануы тиіс "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою мәселелері қаралған кезде ұсыныстар мен ескертулер енгізуге; аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттау тәртібін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқық береді.

### **4. Комиссияның негізгі функциялары**

16. Комиссия жұмысының мақсаты аудиторлыққа кандидаттардың біліктілік деңгейін анықтау және заңнамада көзделген жағдайларда "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою болып табылады.

17. Комиссияның функциялары:

біліктілік емтихандарының бірыңғай бағдарламасын әзірлеу және бекіту;  
біліктілік емтиханын өткізу туралы ережені әзірлеу және бекіту;  
шолу, ұйымдастыру және бағалау топтарының құрамын бекіту;  
біліктілік емтихандарын өткізу күнін бекіту;  
аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттауға құжаттарды қабылдау тәртібін б е к і т у ;

біліктілік емтихандарының нәтижелерін қарау мен бекіту арқылы аудиторлыққа кандидаттарды аттестаттаудан өткізу;

Комиссия бекіткен үлгі бойынша "аудитор" біліктілік куәлігін және аудитордың жеке мөріні беру;

"аудитор" біліктілік куәлігін алған аудиторлардың тізілімін жүргізу;  
уәкілетті органның, кәсіби аудиторлық ұйымдардың, соттардың және басқа да мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы өтінішті қарауға.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою болып табылады.

### **5. Комиссияның құқықтары мен міндеттері**

18. Комиссия:

ұсынылған мәліметтердің растығына күмән келтірілген жағдайда "аудитор" біліктілік куәлігін алуға кандидаттардан осы мәліметтерді растайтын қосымша құжаттарды талап етуге;

егжей-тегжейлі талдау, сараптама жүргізу, қосымша ақпарат жинау қажет болған жағдайда шұғылданып жүрген аудиторлар мен бухгалтерлерді, арнайы пән оқытушыларын, сондай-ақ ғалымдарды шарттық негізде тартуға; өз өкілеттігіне сәйкес басқа да шешімдер қабылдауға құқылы.

19. Комиссия:

Комиссияның "аудитор" біліктілігін беру және "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы шешімін жариялауға;

"аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы келіп түскен материалдарды қарауға;

өткізілген аттестаттау нәтижелері бойынша "аудитор" біліктілік куәлігін және біліктілік куәлігінің нөмірі, тегі, өз аты, сондай-ақ өзінің қалауымен - әкесінің аты көрсетілген аудитордың жеке мөрін беруге;

біліктілік емтиханын қабылдау процесін ұйымдастыруға және бақылауға; аудиторлыққа кандидаттарға аттестаттау өткізудің орны мен уақыты туралы уақытылы хабарлауға;

біліктілік емтиханын өткізу үшін тиісті жағдайды қамтамасыз етуге;

Комиссияның құрамына қадағалаушылар ретінде кіретін уәкілетті және басқа мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдеріне Комиссияның отырысын өткізу орны мен уақыты туралы уақтылы хабарлауға. Комиссия отырысының қорытындылары бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті және басқа мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдеріне отырыстың хаттамасын табыс етуге ;

Комиссияның кезекті отырысында уәкілетті және басқа да мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің ескертулері мен ұсыныстарын қарауға;

шешім қабылданған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға және кәсіби ұйымға "аудитор" біліктілігі берілген не "аудитор" біліктілік куәлігінің күші жойылған тұлғалар туралы ақпаратты табыс етуге;

жыл сайын есептіден кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей не оның талап етуі бойынша уәкілетті мемлекеттік органға аудиторлардың тізілімін беруге міндетті.

**6. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою тәртібі**

20. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасында белгіленген негіздемелер бойынша

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

"Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою мәселелері Комиссия отырыстарында қаралады.

21. Тексеруді белгілеу туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссия оның қызметіне қатысты тексеру белгіленген аудиторға белгіленген тексеру мәселесін көрсете отырып, Комиссия төрағасы қол қойған тексеру белгілеу туралы шешімді жібереді.

22. Тексеруді жүргізу мен тексеру актісін дайындау, әрбір тексеру бойынша тағайындалатын, құрамында кемінде Комиссия мүшелерінің 3 (үшеуі) болуға тиіс жұмыс тобына тапсырылады. Бұдан басқа, жұмыс тобының құрамына шұғылданып жүрген аудиторлар, заңгерлер, ғылыми қызметкерлер, арнайы пән оқытушылары, уәкілетті органның және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері кіре алады. Жұмыс тобының төрағасы мен дербес құрамын Комиссия төрағасы бекітеді.

23. Комиссияның жұмыс тобының мүшелері аудиторлардан, осы аудитор қызметін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымдардан, олардың басшылары мен мамандарынан барлық құжаттарды және ақпаратты, сондай-ақ тексеру мен аудитордың кәсіби қызметі мәселелері бойынша түсініктеме беруді талап етуге құқылы.

24. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою не күшін жоюдан бас тарту туралы Комиссияның шешімі осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша кіріспе, сипаттама және қарар бөліктерінен тұрады.

Кіріспе бөлігінде шешімді қабылдау орны мен күні көрсетіледі.

Сипаттама бөлігінде тексерудің тиісті материалдары мен басқа да дәлелдермен расталған аудит стандарттарын және Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасын бұзудың қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

Қарар бөлігінде аудиторға қолданылатын шараларға нұсқау, сондай-ақ оған шағым жасаудың тәртібі мен мерзімі көрсетілуі тиіс. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жоюдан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, Комиссия бұзушылықтарды және олардың салдарларын жою туралы, сондай-ақ олардың жасалуын болдырмайтын шаралар қабылдау туралы ұйғарымды бір мезгілде шығарады.

25. "Аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы шешім оған қатысты кәсіби ұйым күшін жою туралы шешімді қабылдаған тұлғаға хабарланады, сондай-ақ Комиссия айқындайтын мерзімді баспасөз басылымында мемлекеттік тілде және орыс тілінде жарияланады.

26. Аудитор "аудитор" біліктілік куәлігінің күшін жою туралы Комиссия шешіміне сот тәртібінде шағымдана алады.

Қазақстан Республикасының  
аудиторлығына кандидаттарды  
аттестаттау жөніндегі біліктілік  
комиссиясы қызметін қалыптастыру  
және жүзеге асыру ережесіне

ҚОСЫМША  
НЫСАН

**Қазақстан Республикасының аудиторлығына кандидаттарды  
аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссиясының "аудитор"  
біліктілік куәлігінің күшін жою ("аудитор" біліктілік  
куәлігінің күшін жоюдан бас тарту) туралы шешімі**

\_\_\_\_\_ қаласы 200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ бұзу фактісі бойынша  
200\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ "аудитор" біліктілік куәлігінің N \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ аудиторлық  
ұйымында \_\_\_\_\_ лауазымында  
жұмыс істейтін аудитор \_\_\_\_\_  
Біліктілік комиссиясы тағайындаған жұмыс тобы мүшелерінің жүргізген  
тексеру нәтижесі бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ анықталды.

Осыған байланысты, Біліктілік комиссиясы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ біліктілік куәлігінің күшін жою (біліктілік  
куәлігінің күшін жоюдан бас тарту) туралы шешім қабылдады.

Біліктілік комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

Біліктілік комиссиясының мүшелері \_\_\_\_\_

-----

\_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК